

Балалар музыка мектептері және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың 48-ші республикалық фестиваль-конкурсының

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қарағанды қаласы

2014 жылғы 26-29 наурыз

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасының Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде білім алушылар – жас музыканттардың 48-ші республикалық фестиваль-конкурсын 2014 жылғы 26-29 наурызда Қарағанды қаласында өткізеді.

Конкурс балалар музыка мектептері және өнер мектептеріндегі музыкалық дарынды білім алушылар мен талантты шығармашыл ұжымдарды анықтау және оларға қолдау көрсету, олардың шығармашылық белсенділіктері мен кәсіби бағдарын ынталандыру мақсатында өткізіледі.

Конкурс білім алушылардың эстетикалық, адамгершілік және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, балалардың әр түрлі музыкалық аспаптарда орындауын насихаттау, музыкаға әуестенген ұжым түрлерін жетілдіру және дамыту, білім алушылардың тәрбиелеу, оқыту және тұлғалардың шығармашылық дамытуында балалар музыка мен өнер мектептерін рөлін арттыру, педагогтер мен ұжымдар арасында тәжірибе алмастыруға бағытталған.

Жас музыканттардың 48-ші республикалық конкурсына республикадағы балалар музыка мектептері мен өнер мектептеріндегі ішекті-ысқылы аспаппен ойналатын, үрлемелі және соқпалы аспап сыныптарында білім алатын жас музыканттар қатысады.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен солистер және ансамблдер қатысады.

Барлығы 700-ден астам балалар мен педагогтер конкурсқа қатысуы жоспарлануда.

Ішекті-ысқылы аспаппен ойнайтын солистер мен ансамблдер конкурсы Қарағанды қаласы №2 өнер мектебінің базасында, үрлемелі және соқпалы аспап сыныптарында ойнайтын солистер мен ансамблдер конкурсы Қарағанды қаласы №2 балалар музыка мектебінің базасында өткізіледі.

Конкурс барысында педагогтер үшін шеберлік сыныптары өткізіледі.

2014 жылғы 29 наурызда фестиваль-конкурстың жабылу салтанатында жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады:

000010, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы. Байланыс телефон/факс: 8 (7172) 44-53-38, 44-53-42. Эл.п: spo.rumcdo@mail.ru